

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ: КІРІСТІҢ ТҰРАҚТЫ КӨЗІ

Исламова Ажар Мұхтарқызы

ajar_09_08_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Есеп, аудит және талдау кафедрасының
3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Успамбаева М.

Қазіргі күні қазақ халқындай малдың жайын, бабын білмеген халықтардың мал шаруашылығын ғылыми жетістіктермен, жаңа технологиялармен үйлестіре отырып, экономикасын жоғары дәрежеде қамтамасыз етіп отырғанын көруге болады. Осы орайда, қазақстан үшін ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, бойына сіңген шаруашылығын қалпына келтіріп, жүйелендіру күн тәртібінде тұрған мәселе.


Мұнан тақырыптың мемлекет деңгейіндегі өзектілігін көруге болады. Сонымен мақала тақырыбы ретінде мал шаруашылығы саласының алынуының негізгі себептерін анықтауға болады: ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылшаруашылығын дамыту арқылы кіріс көзін молайту.

1996 жылы 13 қарашада қабылданған Рим декларациясында көрсетілгендей, «азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз – барлық адамның ұдайы белсенді және салауатты өмір сүруі үшін ас-ауқатқа физикалық және экономикалық тұрғыдан жеткілікті мөлшерде қолжетімділіктің болуы». [1] Рим декларациясына сәйкес әр азаматтың жеткілікті деңгейде тамақтану және аштықтан ада болу құқығын қамтамасыз ету, ұлттық тәуелсіз азық-түлік жүйесін қалыптастыру әрбір мемлекеттің міндеті болып табылады, сонымен қатар, аграрлық және экономикалық саясаттың басты мақсаты. Себебі ғалымдардың айтуы бойынша мемлекет 25 пайыз азық-түлікті сырттан алатын болса, бұл ел азық-түлік қауіпсіздігінен айырылады. [2] Яғни, халықтың азықпен қамтамасыз етілуі басқа елдердің шаруашылығына тәуелділікке түсуі, тіпті ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келуі мүмкін.

Халықтың азық-түлік қауіпсіздігі, ең алдымен, макроэкономикалық жағдайлармен, қоғамдық өндірістердің тиімділігімен, тұрғындардың табысы арқылы анықталады және кең ұғымдағы көрсеткіштермен бағаланады. Қазақстан Республикасында халықтың азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық деңгейдегі мәселе қатарына жатады. Оның шешімі агроөнеркәсіптік кешендердің, әсіресе ауылшаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Яғни, азық-түлікке сұранысты импорттық тасымалды қысқарта отырып, отандық өнеркәсіптердің есебінен қанағаттандыру.

Жалпы 1990-1997 жылдар аралығын кеңестік шаруашылық байланыс толық үзіле қоймаған егемендіктің алғашқы кезеңі деп, ал 1998-2014 аралығын экономиканың нарықтық жүйеге бағытталып, одақтастармен тығыз шаруашылық қатынастар тоқтатылған тәуелсіздік жылдар кезеңі деп бөліп қарастырдық. Оның себебін төмендегі әрбір түліктің түрінің санына жасалған диаграммадан аңғару қиын емес. Мұнда барлық дерлік мал бастарының азайып, құлдырау кезеңдері 1997,1998 жылдарға сәйкес келеді. Ал тәуелсіздік кезеңінде 1990-1993 жылдардағы көрсеткішке жетпесе де, мал басының көбеюінде айтарлықтай өрлеу болған. Бұл ауыл шаруашылығының дұрыс жолға қойылып, даму үстінде екенін көрсетеді.

Диаграмма 1.Барлық түлік түрінің санына жасалған жалпы диаграмма, мың бас



Кеңестік Қазақстанның соңғы 1990 жылғы мүйізді ірі қара - 9757,2; қой мен ешкі саны - 35660,5; жылқы - 1 626,3; түйе саны - 143,0. Ал 2014 жылғы көрсеткіштер сәйкесінше 6 032,7; 17 914,6; 1 937,9; 165,9. Яғни, 24 жылда қой мен ешкі саны 1,9 есе, мүйізді ірі қара 1,6 есе, түйе 0,8 есе азайып, жылқы саны небары 0,8 есе артқан. Ал мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша соңғы кеңестік жылы мың тоннамен есептелген ет (тірі салмақта) - 2 633,7; ет (сойыс салмақта) - 1559,6; сүт - 5641,6; жүн - 107,9; қаракөл - 1821,4. 2014 жылғы көрсеткіштер сәйкесінше 1602,5; 900,2; 5067,9; 37,8; 20,1. Осы жылдар аралығында етті өндіру тірі салмақта 1,6 есе, сойыс салмақта 1,7 есе; сүт 1,1 есе, жүн 2,8 есе және қаракөл өндірісі 90,6 есе төмендеген. 1990-шы (16 297 981) және 2014-ші (17 160 774) жылдардағы халық санын ескеретін болсақ, олардың мал шаруашылығының өнімдерін тұтыну деңгейінің қаншалықты төмендегенін де байқаймыз. [3]

Диаграмма 5. 1990 ж. және 2014 ж. мал басының көрсеткіштері мен өзгерісі, мың бас




Диаграмма 5. жалғасы




Диаграмма 6. 1990 ж. және 2014 ж. мал шаруашылық өнімдерінің көрсеткіштері мен өзгерісі





Диаграмма 6. жалғасы



Жалпы кеңестік кезеңде Қазақстан ауылшаруашылық өнімдерімен өзін-өзі түгелдей дерлік қамтамасыз етіп отырған одақтастың бірі болған. Бүгінде ауыл шаруашылық министрі А.Мамытбековтың айтуы бойынша Қазақстан ауыл шаруашылық өніміне деген қажеттілігінің тек 60 пайызын ғана қамтамасыз ете алады, ал 40 пайызы импорт үлесіне тиесілі. [4] Осы жерде жоғарыда атап өткен «мемлекет 25 пайыз азық-түлікті сырттан

алатын болса, бұл ел азық-түлік қауіпсіздігінен айырылады» деген зерттеушілер сөзіне назар аударатын болсақ, бұл көрсеткіш еліміз үшін үлкен қауіп екенін айқын түрде көруге болады.

Бұл қауіпшен күрес жүргізуде түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жасалып, жүзеге асырылуда. Оған мысал ретінде «Агробизнес 2020», «Сыбаға» несиелендіру бағдарламаларын атап өтуге болады. Аталған және басқа да бағдарламалардың барлығы да дұрыс қолданылған жағдайда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізіледі. Алайда, осы орайда өзге елде жеміс берген жоба немесе бағдарлама елімізде оң көрсеткіш бермей қалу ықтималдығын ескеру қажет. Себебі, көп жағдайда шеттен алып келінген малдың түрін өсіруде қазақстан аймақтарының климаттық ерекшелігі есепке алынбай жүргізілуде. Оған *Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында, Қостанай облысында Жангелдин ауданында ірі қараның жаппай қырылу фактісі дәлел бола алады.*[5] Сонымен қатар, жаппай қырылу себептері нақты анықталмаған. Біздің ойымызша, төрт түліктің шетелдік сұрыптарының жерсінудің міндетті тәжірибесі жүргізілмеген деп санаймыз. Кез келген түлік түрін әрбір аймақта эксперименттік алаңшалар салып, кемінде 1 жыл тәжірибеден өткізу - мал шаруашылығындағы шығындардың алдын алуға, аталмыш бағдарламалардың іске асуына мүмкіндік береді. Яғни, бүгінде мал шаруашылығы қаржылық қажеттіліктен бұрын, жан жақты ойластырып, малдың түріне қарай бейімделу дәрежесін ескеріп, соған сай табиғат зоналарында орналастыру керек секілді.

Ауыл шаруашылығын дамыту арқылы кірістің тұрақты көзін қалыптастыруға болады. Осы мақсатта бұл салада шағын және орта кәсіпкерліктер, шаруашылық қожалықтар мен фермалар жұмыс жасауда. Сонымен қатар, дәстүрлі ауылшаруашылық өнімдерін этнотуризмде пайдалану - жаңа табысты саланы құрудың бір мүмкіндікдігі.

Туризм саласын дамыту мақсатында 2020 жылға дейінгі Концепция қабылданған. Осы Концепцияға сай 5 ірі туристік кластерді дамыту көзделген. Олар Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан. [6]



Оңтүстік Қазақстан - Қызылорда облысының орталық және шығыс бөлігін, Оңтүстік Қазақстанның оңтүстік бөлігі мен Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігін қамтитын кластер. Мұндағы негізгі туристік қызығушылыққа ие орындар:

- Ежелгі Түркістан мен «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей объектісі (ЮНЕСКО объектісі);
- Орта ғасырлық Отырар қалашығы мен Отырар жазығы археологиялық объектілері;
- Сауран археологиялық кешені;
- Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы;
- Арпа-Өзен петроглифтері;
- Байқоңыр ғарыш айлағы;
- Қызылорда, Сарыағаш, Тараз қалалары. [6]

Жалпы кластерлердің ішіне 4 ұлттық және 20 дан аса аймақтық жобалар енгізілген. Есептілігі мен ұйымдастырылуы жолға қойылған жағдайда осындай жобалар қатарына енетіндей Концепцияда аталған және жергілікті, республика тұрғындарының қызығушылығын ескеріп, келесідей туристік жол сызбаны ұсынамыз: Сайрам – Домалақ ана – Отырар қалашығы (Арыстанбаб) – Түркістан қаласы.

Бұл туристтік нысандар қазақ халқының орта ғасырлардағы тарихи, мәдени, діни құндылықтарының ескерткіштері. Танымдық саяхатты көздеген адам бұл сызба бойынша жеті күн ішінде тарихи қалалармен таныса алады. Сонымен қатар, мұнда тағам ретінде қазақ асханасы, ал қонақ үй ретінде замануи жабдықталған киіз үй пайдаланылады. Көшпелі халықтың тұрмысын шынайы сезіну үшін саяхат барысында көлік ретінде түйе мен жылқы пайдаланылады. Алайда аталған ойды іске асыру үшін міндетті түрде оның қаржылық жағын қарастыру керек. Ал ол жаңа бір жобаның тақырыбы болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет:

1. Е.Түймебаев, «Основные факторы и условия обеспечения продовольственной безопасности» // Вестин КарГУ, 2007 ж.
2. З.Ш. Айтуғанова, «Қазақстандағы азық - түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері» // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы №5, 2011
3. <http://stat.gov.kz/> ҚР Статистика агенттігінің ресми интернет – ресурсы
4. Алтынай Жумжумина, «Казахстан лишь на 60 процентов обеспечивает себя собственной сельхозпродукцией», http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-lish-60-protsentov-obespechivaet-sobstvennoy-243153/ интернет сайты, 2013 жыл 8 қазан
5. Әсел Әнуарбек, «Белгісіз арудан қырылған малдың дертін мамандар неге жасырады?», <http://turkystan.kz/basty-akparat/6272>
6. «ҚР туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің №508 Қаулысы, 2014 жыл 19 мамыр.

УДК 331.24

КЛАССИФИКАЦИЯ ЗАТРАТ В УПРАВЛЕНЧЕСКОМ УЧЕТЕ И ЕЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ ПО ХРАНЕНИЮ И ПЕРЕРАБОТКЕ ЗЕРНА

Кабиева А.Т.

kabieva@mail.ru

ЕНУ им Л.Н.Гумилева, г.Астана, Республика Казахстан

Научный руководитель: С. Миржакыпова

Системе учета информация о затратах важна, так как учет предоставляет необходимую информацию руководящему звену о реальном состоянии дел в промышленных предприятиях, в том числе и в области производства продукции (работ, услуг), о реальных и необходимых вложениях в проекты по поддержанию и совершенствованию процесса производства.

Анализ экономической литературы, посвященной исследуемой проблеме, позволил установить, что в настоящее время предложено множество различных классификаций затрат на производства. Причем данный вопрос в большей степени исследован в работах, касающихся классификации и управления затрат Вахрушина М.А., Дойл Д.П., Друри К., Карпова Т.П., Керимов В.Э., Котляров С.А., Назарова В.Л., Николаева С.А., Радостовец В.К., Серебренников Г.Г., Суйц В.П., Палий, В.Ф., Хорнгрен Ч.Т., Дж.Фостер, Чая В.Т.

Предприятия по хранению и переработке зерна для принятия оптимальных управленческих и финансовых решений необходимо знать о своих затратах и разбираться в информации о прошлых затратах и прогнозировать затраты и доходы предприятия. Информация, формируемая управленческим учетом в этой сфере, имеет количественные характеристики и связана с расчетом и анализом показателей прибыли, затрат, доходов.

В этой связи дадим характеристику затрат в управленческом учете и приведем их классификацию.